

АНОНС!

САРЫАФАШТА
ҚАЙТАРЫЛҒАН
АКТИВТЕР
ЕСЕБІНЕН
БЕС ЕЛДІ МЕКЕНГЕ
АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІ
ҚОСЫЛДЫ

4-
бетте



www.aigak.kz

RESPYBLIKALYQ APITALYQ GAZET

АЙЕАК
MEDIA

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtatynyń, "Altyn júrek" sylyǵynyń iegeri



№51 /sarsenbi/ 17 jeltosqan 2025 jyl

ЖАҢҒЫРТЫЛҒАН «ҚАЗЫҒҰРТ» ЖӘНЕ «ТЕМІР БАБА» ӨТКІЗУ БЕКЕТТЕРІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстан мен көрші-лес мемлекеттер шекарасындағы екі ірі автомобиль өткізу пункті – Өзбекстан бағытындағы «Қазығұрт» және Түркіменстанмен шектес «Темір баба» бекеттері толықтай жаңғыртудан өтіп, ресми түрде жұмысын бастады. Бұл жобалар Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген шекара инфрақұрылымын жаңарту міндетін іске асыру аясында жүзеге асырылды.

«Қазығұрт» бекетінің ашылу салтанатына Қаржы министрі Мәди Такиев және Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысты.

Министрдің айтуынша, шекарадағы қайта жаңарту бағдарламасы Қытай, Өзбекстан және Түркіменстанмен арадағы тоғыз өткізу пунктін қамтиды. Олардың ішінде «Қап-ланбек», «Атамекен», «Қал-жат» және «Алакөл» бекеттерінде жұмыстар аяқталған. Биылғы жылдың соңына дейін «Төжен», «Майқапшағай» және «Бақты» пункттері де жаңартылып бітеді.

Жөндеу кезеңінде көлік қозғалысы тоқтатылмай, уақытша маршруттар іске қосылды. Бұл шешім жолаушылар мен жүк тасымалдаудың үздіксіздігін қамтамасыз етіп, кезектің туындауына жол бермеді.

Жаңа технологиялардың енгізілуімен шекарадан өту тәртібі әлдеқайда жеделдеді: бақылау уақыты шамамен 30 минутқа дейін қысқарып, тәуліктік өткізу қуаты 1000 көлікке дейін ұлғайды. Соңғы жылдары көлік легі 2,5 есеге артты – 2022 жылы 640 мың көлік өтсе, бүгінде бұл сан 1,5 миллионнан асып отыр.

Жаңартылған бекет халықаралық стандарттар мен қауіпсіздік талаптарына сай жаб-



Қазір жасанды интеллектке негізделген декларациялау модулін енгізу жұмыстары жүріп жатыр. 2026 жылдан бастап барлық декларациялау процестерін толық электронды форматқа көшіру көзделуде. Бұл бизнеске түсетін өкім-шілік жүктемені айтарлықтай азайтады.

Биыл көктемде Өзбекстан-мен шекарадағы «Жібек Жо-лы» бекетінде кең көлемді жаңғырту басталды. 10 мың шар-шы метр аумақта орналасатын



дықталған. Мұнда көліктерді автоматты тіркеу жүйесі, жоғары дәлдіктегі сканерлеу аппаратурасы, өлшеу құрылғы-лары, рентген және тепловизор жүйелері толық орнатыл-ған. Жаяу жүргіншілер, жеңіл көліктер және жүк көліктері үшін бөлек бағыттардың жа-сақталуы қозғалыстың тиімді-лігі мен қауіпсіздігін арттыра-ды. Жүк көліктеріне арналған автоматтандырылған дәліздер техникалық бақылауды тоқта-май өтуге мүмкіндік береді.

Инфрақұрылымды жаңар-тумен қатар, кеден саласында цифрлық жүйелер енгізілуде. Кеден ақпараттық платфор-масы кезең-кезеңімен іске қосылып, экспресс-жүктерді өңдеу, тауарларды есепке алу және виртуалды қоймаларды басқару автоматтандырылды.

жаңа кешен жолаушыларға арналған екі терминалды және автокөліктерге арналған үлкен шатырды қамтиды. Жоба 2026 жылдың шілдесінде аяқталған соң, бұл бекет тәулігіне 70 мың адам мен 2 мың жеңіл авто-мобильді қабылдай алады.

Сонымен қатар, Қытаймен бірлескен «Бақты–Покиту» жобасы шеңберінде екі ел аумағында автоматтандырылған логистикалық орталықтар құрылмақ. Қытай тарапы шама-мен 50 млн АҚШ долларын инвестициялауды жоспарлап отыр. Жоба жүк тасымалына арналған пилотсыз электр шаттлдарын, смарт-логистика жүйесін, AGV-терминалдар мен зарядтау стансаларын ен-гізуді көздейді. Бұл бастама өңірде ең озық технологиялық көлік дәліздерінің бірін қалыптастырып, екі елдің цифрлық платформаларын біріктіреді.

Мәди Такиевтің айтуынша, жаңа өткізу бекеттерінің іске қосылуы көптеген мемлекет-тік құрылымдардың бірлескен еңбегінің нәтижесі:

«Біздің мақсат – Қазақ-станды сенімді, ашық және бәсекеге қабілетті транзиттік торапқа айналдыратын заманауи инфрақұрылым қалып-тастыру. Өткізу пункттерін жаңғырту – Мемлекет бас-шысының транзиттік әлеуетті арттыру жөніндегі тапсыр-масын орындаудың маңызды бөлігі. Бұл сауданы кеңейтіп, кәсіпкерлердің жұмысын же-ңілдетеді және еліміздің ай-мақтық логистикадағы орнын күшейтеді», – деді ол.

**Ұлжан
ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**



АБАЙ ОБЛЫСЫ МЕН ОМБЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Абай облысының әкімі Берік Уәли бастаған өңір делегация-сы Ресей Федерациясының Омбы қаласында өткен «Ертіс: достық өзені – даму өзені» VII халықаралық туристік-көлік-тік форумына қатысып, екі-жақты және көпжақты ынты-мақтастықты нығайтуға ба-ғытталған бірқатар маңызды кездесулер өткізді.

Форумның басты мақсаты – «Ресей – Қазақстан – Қытай» мультимодальды транзиттік дәлізін қалыптастыру мүмкін-діктерін талқылап, Ертіс өзе-нінің көліктік-логистикалық әлеуетін тиімді пайдалану. Ис-шараға Ресей, Қазақстан және Қытайдың сарапшылары, мем-лекеттік органдар, бизнес пен көлік саласының өкілдері, сон-дай-ақ Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарының бас-шылығы қатысты.

Пленарлық отырыста сөз сөйлеген Берік Уәли Абай об-лысының өндірістік және ту-

ристік мүмкіндіктерін таныс-тырып, Омбы облысымен қол қойылған 2025–2028 жылдар-ға арналған ынтымақтастық жоспарларын іске асыруға өңірдің дайын екенін жеткізді. Ол трансшекаралық туристік маршруттар қалыптастыру-ды, ортақ бренд аясында іл-герілетуді, мәдени-гуманитар-лық байланыстарды кеңейтуді ұсынды. Форум қорытынды-сында Берік Уәли мен Омбы облысының губернаторы Ви-талий Хоценко мәдениет са-ласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

Сапар барысында өңір деле-гациясы Омбы қаласындағы Шоқан Уәлиханов ескерткі-шіне және соғыс ардагері, жа-зушы Кемел Тоқаевқа арнал-ған мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қойды. Бұл нысан-дар қазақ-орыс тарихи-мәдени байланысының тереңдігін ай-қындайды.

Жалғасы 3-ші бетте

2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА ҰЛТТЫҚ ТАУАРЛАР КАТАЛОГЫ ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛАДЫ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда Ұлттық тауарлар каталогын қолдану міндетті болады. Ұлттық каталог – бұл тауардың цифрлық паспорты, оның құжаттар жинағы мен толық профайлы. Мұндай цифрлық база тауардың шығарылған жерінен бастап соңғы сатылымға дейінгі жолын бақылауға мүмкіндік береді. Бірыңғай тауар карточкаларын құру бизнес жұмысын жеңілдетіп, тауар ағындары бойынша мемлекеттік талдаудың сапасын арттырады және тұтынушылардың әр өнім туралы ақпарат алуын қамтамасыз етеді. Бұл туралы ҚР Сауда және интеграция вице-министрі Әсет Нүсіпов ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

Спикер Ұлттық тауарлар каталогы не үшін қажет екенін түсіндіріп өтті. Бұған дейін түрлі мемлекеттік жүйеде әртүрлі классификатор

бір мезетте қолданылып келген.

«Бұрын бірыңғай тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тізбегі, қазақстандық тауардың сәйкестендіру нөмірі, сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы классификаторы, экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім классификаторы қолданылды. Салдарынан бір тауар кеденде, статистикада немесе мемлекеттік сатып алуда түрлі атаумен тіркелуі мүмкін еді. Мысалы, бір жүйеде тауар «күнбағыс майы» деп аталса, екінші жүйеде «өсімдік майы» деп жалпылама аталуы мүмкін, ал үшінші жүйеде «тазартылған күнбағыс майы» деген нақты атау қолданылуы ықтимал. Формалды түрде бұл үш түрлі тауар, бірақ іс жүзінде бір өнім. Мұндай бытыраңқылық қателіктерге, қайталану-

ға, процестердің баяулауына және есеп жүргізудің қиындауына әкеп соқтырды», – деді Әсет Нүсіпов.

Оның айтуынша, Ұлттық тауарлар каталогы бұл кедергілерді толығымен жояды. Тауардың атауы, құрамы, сипаттамалары, өндірушісі туралы ақпаратты біріктіретін бірыңғай дереккөз құрылады. Бірізділік NTIN (National Trade Item Number) ұлттық тауар сәйкестендіру кодын беру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл код электрондық шот-фактураларда, тауарларға арналған ілеспе құжаттарда, кассаларда, салық сервистерінде, сатып алуларда және логистикада қолданылады.

«2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Ұлттық тауарлар каталогы Қазақстан Республикасында міндетті түрде қолданылады. Бұл бүкіл нарықтың цифрлық ашықты-қтығын жаңа деңгейге шығарады.

2019 жылы жазылып, Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінде жарық көрген бұл мақала қаламдас қауымның, көпшілік оқырманның жылы ілтипатына бөленгені есімізде. Халқымыздың мың жылдық мәдениетіндегі көзден көлегейленіп, тарихи-этнографиялық құндылықтары мен қазақ қоғамының ұмытыла бастаған салттары хақында ой толғаған мақалада қызықты тұжырымдар да айтылған. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әулеттік институттың мәні мен маңызына да тоқталады. Бұл бүгінгі қоғам үшін де өзекті мәселе деп білеміз.

Мақала өңіріміздің қадірлі ақсақалы, осы мақаланың кейіпкері Уәли Құрманғалиұлының дүниеден озғанына жыл толуына орай, алты жылдан соң сәл толықтырылып, қайта жарияланып отыр.

Әулет — дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымында ерекше маңызға ие институт. Бұл тектік әлеует пен ұрпақ жалғастығын жүйелі дамытудың ұлттық моделі. Соның айғағындай боп қазаққа «Қасқа айғырдың құлыны тым құрыса, төбел туады» деген пәлсапалық категория қалыптасыпты.

Сонымен қатар бұл — тек туыстық байланыстар жүйесі ғана емес, дәстүрлі қоғамның әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени архитектурасын қалыптастыратын негізгі тұғыр, басты іргетастың бірі. Қазақ қоғамындағы төрттігі, әрбір қоғам мүшесінің өзіне тән міндеті мен жауапкершілігін осы институт қасырлар бойы реттеп келді. Соның айғағындай боп қазаққа «Қасқа айғырдың құлыны, тым құрыса, төбел туады» деген пәлсапалық категория қалыптасыпты.

Халық ақындарының: Жақсыдан жаман туса да, Жаманнан жақсы туса да, Тартпай қоймас негізге, — деп толғайтыны сондықтан болса керек. Қазақ әлеуметінің түпсанасында бұл дәстүрлі танымдық жүйе өлі жұмыс істеп тұр. «Атасының баласы» немесе «атасына тартқан» бала — біздің түсінігімізде құрметті оятатын дүниелер. Себебі қазақ отбасында ата мен әже — тек қарт буын емес, тәрбие жүйесінің ең биік инстанциясы. Қазақтың отбасылық мәдениетінің, әлеуметтік тұрақтылығының негізгі тірегі екенін халқымыздың мың жылдық жүріп өткен жолы, даму бағдары айқындап берген болатын. Іргесі бұзылмаған ұлттық құндылықтар салтанат құрған дәуірде қариялар тек жасы үлкен адамдар ғана емес, моральдық норманы сақтап, әулеттік шешім қабылдаушылар еді. «Қария сөзі» қазақ баласы үшін даналықтың бұлағы, жақсылықтың бастауы болатын.

Бала күнім ғана емес, қазірдің өзінде көзі қарақты ел ақсақалдарының аузынан «атасына тартқан» деген сөзді естігенде кеудемде мақтаншып тұтанады. Атам Құрманғали саятшы адам болған деседі. Артына нөкер ертіп, қолына құс қондырып, салтанатты ғұмыр кешкен. Мұндай тірлік кешкен адамның тұрмысы бақуатты болғаны өздігінен түсінікті. Саятшылық халқымыздың мың жылдық мәдени тәжірибесінен туған ерекше өнер ғана емес, ол табиғатпен үндесу, еркіндік, асқақ рух пен қоршаған ортаның өзіне айналу дағдысы болып қалыптасқан. Бүркіт, сұңқар, қаршыға, лашын, түйгын баулу сырттай қарағанда аңшылық кәсібі болып көрінеді. Қазақ танымна тереңдеп бойлай бастасаңыз, бұл ежелгі өнердің тіпті де терең танымдық астары барын байқайсыз. Бұл — философиялық мәні бар мәдени-антропологиялық мектеп. Академик Әлкей Марғұлан осы бекзат өнер хақында «Саятшылықтың өсіресе қазақ халқының тарихында, мәдени дамуында маңызы зор болғаны белгілі. Қазақ тілінде осы саятшылыққа байланысты туған мың жарымдай сөз бар, олар қазір де небір тарихи жазбаларда, көркем әдебиетте кеңінен қолданылады.



Әулет

Саятшылықты халық ежелден өнердің бір түрі деп бағалаған. Оны пайда табу немесе күнкөріс көзі санамаған. Саятшылық өнер арқылы халық табиғатпен қоян-қолтық араласып, оған жақындығын сезінетін, енді осы сезім сөйілсе, бір кезде дамып, қанат жайған халық мәдениетінің де бір бөлшегі ұмытылғаны емес пе» деген қорғасындай ауыр сұрақ қояды. Демек, атам Құрманғали бүгінде сиреп кеткен болмысы бөлек ұлттық мәдениеттің бірегей сақтаушысы, мәдени дәстүрді жалғаушы еді. Оны, өрине, ес біліп, етек жапқан азамат жасымызда ұғындық.

Абыз жазушы Қабдеш Жұмаділовтің «Ұзын Құрманғали бетті, беделді азамат еді. Мына Беріктің тұр-тұлғасы сол атасына аумаи тартқан» дегенін талай естігенім бар. Әркім өзімен теңдес адамдармен тамыр болып, андаласатыны — қазақ ежелден бар дәстүр. Бастауын көне түркі заманынан, тіпті одан да ескі дәуірлерден алатын бұл көне қоғамдық категория гендік туыстыққа емес, этикалық антқа, адал келісімге, бауырластық сертке негізделді. Алайда ол қандай туыстықтан жоғары тұрады. Анданың қазақ түсінігінде салмағы ерекше. Бұл қатынас ру, тайпа, тіпті әлеуметтік статустан да жоғары тұрады. Қажет болса, ру бір жақта, андалар бір жақта болған. Бізге аңыз болып жеткен мұндай мысалдар өте көп. Тіпті дәстүрлі қазақ қоғамында балаға бөсіре темірден бөсіре тайға дейін енші бөлгенде қостан дайындап, бір данасын баланың андасы үшін сақтаған.

Осының өзі-ақ анда ұғымының қандай ардақты болғанын ұқтырса керек. Қазақтың белгілі қабырғалы ақыны Несіпбек Айтұлының атасы Айт ақсақалмен менің атам Құрманғали андаласып, андалықтың серті ретінде бір-біріне бүркіт сыйлаған. Атамның қасқыр алатын үйдей қара бүркіті туралы хикая бала кезімнен құлағыма сіңген. Сол үйдей қара бүркіт достықтың куәсі екенін кейін білдім. Себебі анда — өр ердің ар-намыс кодексінің бір бөлігі. Баба қазаққа анда сыйлаған сыйлық — төңірі берген мәртебе.

Күллі табиғаттың тілін біліп, аспанның серісі — қыранды қолына қондырған біздің халық адалдық пен ант түсінігіне де ерекше жауапкершілікпен және құрметпен қарағаны байқалады. Атамыз Құрманғали ақсақалдың өзімен жолдас болған бүркітмен арасындағы қимас хикаялар көп. Үй алдында тұғырда отырған томағалы бүркітке әлдебір қонақтың қасқыр алатын төбеті таңға жуық абайсызда шапса керек. Бүркіт оны бүріп өлтірген. Бірақ арпалыс кезінде ит топшысын шайнап жіберіпті. Енді аң алуға жарамайтын серігімен атам Құрманғали қимай қоштасыпты. Тарбағатайдың бір биік шыңына апарып, бір бағланды сойып алдына қойып, аяқбау, томағасын алып, еркіндікке жіберді. Саят-

шылықтың талай қызығын көрсеткен сол қыранымен қоштасуы атамыздың бүкіл қызығымен қоштасуындай болып, жанына батқанын атамыздың жанына ерген інісі Шайхсіләм ақсақал жырдай қылып айтып, сағынып отырушы еді.

Бүгінде екеуі де жоқ. Шайхсіләм ақсақал жыл басында ғана мәңгіліктің сапарына аттанды. Қазыналы қарттарымыз күн санап азайып барады.

Қазақтың ант ұғымын ерекше қастер тұтқанының бір белгісі — Құдаймен антасу. Бұл — сирек болатын, ерекше құбылыс. Себебі құдаймен антасу рухани жауапкершіліктің ең сакралды категориясы. Бұл — жай уәде емес, әлемдік төртіп алдында өзін міндеттейтін киелі рухани келісім. Баласыз адамдар мойнына көгеннің бұршағын салып, Жаратқаннан тілейтін немесе мойнына кісесін салып жалбарынатын тылсым рәсім қазақ арасында әлі бар. Шыңғыс қағанмен он сегіз жыл соғыстан жеңілген найманды қырғыннан аман алып қалу үшін Кетбұға бидің «Қарала белдік мойнымда, сауға, Шыңғыс, сауға» деп тартқан күйін Таласбек аға Әсемқұлов бізге жеткізді. Қазақтың күй қазынасына әкеліп қосты. Біздің әулетте сондай ерекше оқиғаның болғанын ауыл ақсақалдарының аңызынан талай естідім. Құрманғали атам жалғыз қызы Күләннан кейін ұзақ уақыт бала сүйемпті. Әжеміздің бойына біткен баланың бөрі шетіней берсе керек. Сосын атам мойнына кісесін салып Құдайдан ұл тілеп, қазақтың ежелден келе жатқан ескі дәстүрін жасаған көрінеді. «Шыр еткен сөбидің маңдайынан иіскеген соң жанымды тарт» деп тілепті. Құдай тілегін қабыл етті. Әкем Уәли қырқынан шыққаннан кейін, атам ауырмай-сырқамай өмірден озыпты. Қазақтың осы тылсыммен жалғасқан ғажайып дәстүрі жайында Қабдеш аға үнемі айтып отырады. Атамыз мойнына кісесін салып тілеп алған сол тағдырлы баладан бүгінде біз өрбіп отырмыз.

Адамның балалық шағы өмірдің ең аяулы кезеңі ғой. Балалық шағын қазақтың ескі ауылында өтсе, бұл тіпті де сәуір сағынышқа айналары хақ. Менің бал күнім шығыстағы Ақсуаттың Ойшілік деген ертегідей шағын ауылында өтті. Әке-шешеміз — қарапайым адамдар. Еңбектің, нысаптың және тәубенің қадірін тым жақсы түсінген, бастарынан ыстық-суық көп өткен жандар. Шешеміз біз оқитын мектептің қоңырауын соғатын және тазалық жұмыстарымен айналысатын. Біз де сабақтан қолымыз босаған әредікте анамызға қолғабыс жасайтынбыз. Бұл ешқашан да бізге намыс саналған емес. Біз анамыздың сол жұмысын отанға үлес қосу деп қабылдадық. Ал анамыз өз жұмысын жақсы көретін. Бүгінде мектеп жасындағы балалардың, тіпті көптеген адамдардың сондай қарапайым еңбек адамына деген көзқарасын көріп, қынжыламыз. Бұл біздің

жас ұрпақтың еңбекке деген көзқарасын дұрыс қалыптастыра алмағанымызды, арысын айтсақ, дұрыс тәрбие бере алмағанымызды білдірсе керек.

Әкем мен анамның отасқандарына қырық жылдан асты. Әкем де еңбекқор кісі. Бізді бала кезімізден еңбекке баулыды. Егін суартып, кірпіш құйдырды, мал бақтырды. Жанына алып жүріп, өмірге үйретті. Қазаққа «Қасқыр күшігін қарпып сүйеді» дейтін асқақ мақал бар. Әкемнің қаталдығының арғы жағына жасырынған бізге деген махабатын ойласам, осы мақал есіме орала береді. Әкеміз жыл сайын қыркүйек айында жалақысының сексен пайызына газет-журналға жазылатын. Пошташы Бейсен ағамыз «Мәскеуден шығатын «Новая время» журналын осы ауданда тек сенің өкең ғана жаздырып алады» деп күлетін. Тек ол ғана емес, күллі Совет Одағындағы белгілі басылымдардың бөріне жазылатын («Известия», «Правда», «За рубежом», «Советский спорт»). Алматыдан жарық көретін мерзімді басылымдарды түгел жаздырып алып оқитын. Облыстық және аудандық газеттер екібастан. Біз бала күнімізден осы басылымдарды оқып өстік.

Анам — мейірімді жан. Бармағынан өнер тамған шебер. Анамның жүн түтіп, оны ұршықпен иіріп, түрлі түсті қылып бояп тоқып беретін қолғаптары, мойынорағыштары мен кеудешелерінің жылуы әлі жүрегімде. Анам сол әдемі қолөнеріне өзінің ыстық ықыласы мен толқыған мейірін қоса тоқитын еді. Бүгінде үлкен азамат болсақ та, анамның әжім басқан жүзіне, маңдайына уақыттың салған аяусыз іздеріне қарап отырып, сол риясыз аяулы кездерді сағынамын. Сондықтан да анамның сол кездегі ұршығы, тоқыма таяқшалары мен бізін әлі күнге әулетіміздің қымбат естелігі ретінде сақтаймыз.

Анам мен әкем бүгінде бауырынан өрген бес құлыншағының ғана емес, тұтас әулеттің қазыналы қартына айналды. Немере сүйіп, жиендерін қызықтап, үбірлі-шүбірлі үлкен әулеттің басқалқасы болып отыр. Халқымыздың «Қазыналы қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген сөзі осындайда айтылса керек. Анда-санда әулетіміз бас қосып, арқа-жарқа болғанда мұнар арасындағы өткен дәурен, аяулы адамдар туралы қызықты естеліктер айтылып, біздің сарайымызды ашып, санамызды жаңғыртатыны бар. Мен ондай сәттерді ештеңеге айырбастай алмаймын. Біздің тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық кодты жаңғырту дегеніміздің бір бастауы осы қазыналы қарияларда жатыр. Әмәнда, ауыл мен ата-әжеден балаларымыздың кіндігін үзбегеніміз абзал.

Ауыл — бөріміздің де алтын бесігіміз. Мен көктей шолып өткен жоғарыдағы шағын естеліктің, санамызда сәулесі ойнаған қызықты кездердің бөрі де сол ертегідей ауылда өтті. Бүгінде азамат болған біздер ауылымызға кішкентай болса да көңілімізді білдіріп, перзенттік парызымызды өтегіміз келеді. Бұл — ауылдан шыққан барлық баланың асыл арманы. Біз де елдесе жүрегі елжірейтін бірнеше азаматтың ықыласымен туған ауылымыздағы өзіміз оқыған мектепке кішкене ғана сый жасадық. Ауыл мектебінің үш сыныбын заманауи үлгідегі құралдармен жабдықтадық.

Өзімнің балалық дәуірім мен өскен ортамды бүгінгі қырықтан асқан жігіттің көзімен шолған сайын қазақтың тәрбие институттарының, отбасылық дәстүрінің өте ізгі және озық болғанын ойлап, таңданысым арта түседі. Әулет дәстүрі, әже институты, нағашылық дәстүр, ағалық институт және осының ең биігінде тұрған ақсақалдық институт бізді мыңжылдықтардың дауылы мен жауынынан аман алып өткеніне еріксіз иланасыз. Қазақ өмірінің жазусыз заңдарына айналған «ағайынның азары болса да, безері болмайды», «ағаңмен араз болсаң да, арыңмен араз болма» немесе «көптен кеткен көмусіз қалар» деген қорғасындай ауыр кодекс-тердің бөрі осы әулеттік институттың шеберханасынан суарылып шыққан болаттай өткір сөздер екенін кештеу болса да білген сияқтымыз.

Әулет аман болса, ел аман. Әр әулет — жұрттың бір-бір уығы. Уығы мықты елдің ғұмыры да ұзақ болмақ. Сондықтан ежелден қалыптасқан әулет институтын дамыта түскеніміз абзал. Қазақтың ізгі дәстүрлері мемлекеттің негізгі ұстын-тірегі болса, біз «күн сөнгеннен сөнбесіміз» анық.

«Semei Tany» газеті, 09.12.2025 ж.

АТАМ ЖҮР ТҮСІМЕ ЕНІП

(Берік Уәлиге)



Айналған өз тұсында аты аңызға,
Құс салған екеуміздің атамыз да.
Шын болса атамыздың аңшы екені,
Кеміріп ақ қағазды жатамыз ба?

Бар ма екен аталардан қымбат адам,
Көктедік солар берген мың батадан.
Қондырып колға қыран көрмесек те,
Шошайып шықпаймыз ба кырға
таман?

Мінбеген жан емеспіз атқа бұрын,
Көшеде жүреміз бе таптауырын?
Бүркіті түлкі бүрген атаң құсап,
Сен де бір бұрқыратып шап, бауырым!

Армансыз атамыздай күн кешірмей,
Өмірден өтеміз бе бір көсілмей?
Томаға киген қыран түк көрмейді,
Көрінер қараңғылық түрмесіндей.

Тіршілік кейде жолды қиындатып,
Батамын мен де мұңға миым қатып.
Сол кезде бір жүйрікке қарғып мініп,
Жапанға кетсем деймін құйындатып.

Амал жоқ, кейін туып, кеш түледік,
Шаңқылын қырандардың естімедік.
Атаның бүркітіне жем бермедік,
Тұғырда сілкінетін төсті керіп.

Саятта бір-біріне болған сыңар,
Таулардан көрінбейді енді аңшылар.
Ақиық аталардың бойындағы,
Қсиет қанымызда қалған шығар.

Қыраны қия беттен түскен іліп,
Біздерге қайда бүгін құсбегілік?
Қайтайық Тарбағатай
жаққа барып,
Атам жүр маза бермей,
түске кіріп.

Несіпбек АЙТҰЛЫ,
Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты.
08.04.2020 ж.



АБАЙ ОБЛЫСЫ МЕН ОМБЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Сондай-ақ делегация Омбыдағы Қазақстан Республикасының Бас консулдығында қазақ диаспорасы өкілдерімен кездесіп, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық пен өңіраралық байланысты дамыту мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар Берік Уәли бастаған делегация «21-мектеп» инновациялық IT-кампусының жұмысымен танысып, Омбы облысының инвестициялық әлеуеті және газ өнеркәсібі саласындағы өріптестік мүмкіндіктері жөнінде пікір алмасты.

Айта кетейік, Абай облысының Ресей Федерациясымен сыртқы экономикалық байланыстары қарқынды дамып келеді. Биылғы үшінші тоқсан қорытындысы бойынша тауар айналымы 823,4 млн АҚШ долларын құрап, өткен жылмен салыстырғанда екі есеге артты. Қазіргі таңда өңірде ресейлік капиталдың қатысуымен 178 кәсіпорын жұмыс істеп, жаңа жұмыс орындарын ашуға үлес қосуда.

Омбыдағы сапар Абай облысы мен Ресейдің шекаралас өңірлері арасындағы экономикалық, мәдени және гуманитарлық ынтымақтастықтың одан әрі тереңдей түсетінін көрсетті.

Шолушы.



2026 жылдың көктемі Шымкент қаласы үшін айрықша маңызға ие кезеңдердің бірі болмақ. Наурыз айының жайлы күндерінде шаһарда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кезекті отырысын өткізу жоспарланып отыр. Бұл басқосу халықаралық өзара ықпалдастықты күшейтіп қана қоймай, қаланың және өңірдің беделін халықаралық деңгейде арттыра түсетін айтулы оқиға саналады.

Келесі жылы Қазақстан Еуразиялық экономикалық одаққа төрағалық етеді. Бұл ел үшін үлкен жауапкершілік жүктейді. Осыған байланысты Үкімет ұйым аясындағы жұмысты жаңа сапалық деңгейге көтеруге бағытталған нақты шараларды қарастыруда. Премьер-министр Олжас Бектенов өз баяндамасында алдағы міндеттерге тоқталып, серіктес мемлекеттердің үкімет басшыларын 2026 жылдың 26–27 науры-

«ЖАСЫЛ СҮТЕГІ» ӨНДІРЕТІН АЛҒАШҚЫ ОТАНДЫҚ ҚОНДЫРҒЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қазақстандық ғалымдар өздерінің патенттері мен инженерлік әзірлемелеріне негізделген «жасыл сутегі» өндіретін алғашқы кешенді станцияны жасап, іске қосты. Толық циклді пилоттық қондырғы тек күн панельдері мен жел генераторларынан қуат алады. Жүйенің өзегін Nazarbayev University жанындағы National Laboratory Astana-ның жаңартылатын энергия көздері зертханасы әзірлеген инновациялық катализаторлар мен бірегей инженерлік шешімдер құрайды.

Жоба Қытайдың Zhejiang H2-Bank Technology Co., Ltd. өнеркәсіптік серіктестігімен бірлесіп іске асырылды. Компания қазақстандық ғалымдардың патенттелген электрод материалдарының бірі иридий оксидіне негізделген жоғары тиімді анод катализаторы бойынша коммерциялық жүйені жинауға көмектесті. Мұндай қаптамасы бар мембрана электролиз кезінде суды тиімді бөлуге мүмкіндік береді және қондырғының өнімділігін арттырады.

Платформа «жасыл сутегін» алудың толық тізбегін көрсетеді: күн мен жел энергиясы электрге айналып, ол су электролизіне жұмсалады. Алынған сутегі энергия тасымалдаушы ретінде сақталып, кейін жанармай элементтерінде, көлікте, автономды генераторларда, тыңайтқыш өндірісінде, металлургияда немесе мұнай-газ секторында қолдануға болады. Әзірше өндірілген сутегі зертханалық мақсатта



пайдаланылады: қондырғы үш сағат ішінде көлемі 6 текше метр баллонды толтыра алады.

«Бұл – Қазақстандағы сутегі технологияларын тәжірибелік деңгейге шығаратын маңызды қадам. Фотокатализатор ұнтақтары мен зертханалық үлгілерден басталған жұмыс ашық алаңда жұмыс істейтін өнеркәсіптік жүйеге айналды», – деді лабораторияны басқаратын NU профессоры Нұршат Нұражы.

Жұмыстың бастапқы кезеңінде команда күн энергиясын тиімді пайдаланатын жүйелердің негізгі бөлігі саналатын фотокатализаторларды әзірлеуге және суды фотокаталитикалық бөлу тетіктерін зерттеуге ден қойды. Бағдарламаның соңғы кезеңінде зерттеушілер зертханалық тәжірибелерден нақты өндірісте қолдануға лайық жұмыс істейтін прототиптер жасауға стратегиялық түрде көше алды.

Сутегі өндіру тобының жетекшісі, доктор Ерболат

ЕАЭО ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ 2026 ЖЫЛЫ ШЫМКЕНТТЕ ӨТЕДІ

зында Шымкент қаласына келуге шақырды.

Аталған күндері ЕАЭО-ға мүше бес елдің премьер-министрлері Шымкентте жиналып, өзара ынтымақтастықты нығайту мен болашақ даму бағыттарына қатысты өзекті мәселелерді талқылайды. Бұл жиын ресми форматпен шектелмей, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықаралық байланыстардың кеңеюіне оң әсерін тигізбек.

Сонымен қатар дәстүрге айналған Digital Forum да Шымкентте өтеді. Форум аясында заманауи технологиялар, цифрлық шешімдер мен инновациялық идеялар талқыланып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады. Бұл шара

өңірлік өріптестікті күшейтіп, технологиялық жаңғыруға серпін беретін маңызды алаң болмақ.

Осылайша, 2026 жылы Шымкент жаңа бастамалар мен тың идеялар тоғысатын орталыққа айналады. Қалада қабылданатын шешімдер болашаққа бағытталған нақты қадамдардың негізін қалауы ықтимал.

Айта кету керек, мұндай ірі халықаралық іс-шараның Шымкентте өтуі қаланың әлеуеті мен мүмкіндігін айқын дәлелдейді. Соңғы жылдары қарқынды дамып, жаңарған шаһар бүгінде халықаралық деңгейдегі жиындарды өткізуге толық дайын орталық ретінде өз мәртебесін тағы бір мәрте растады.

«Айғақ» - ақпарат.

жоғары оқу орындары мен компанияларымен бірлесіп жұмыс істеп келеді. Серіктестер қатарында Атырау

университеті, Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, KMG Engineering, Жапонияның Токай университеті, сондай-ақ АҚШ-тағы Уичито мемлекеттік университеті мен Массачусетс университетінің Амхерст кампусы бар.

«Мақсатты бағдарлама ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтықты қысқартуға жағдай жасап, ұлттық ғылыми жобалардың академиялық қана емес,

нақты практикалық нәтиже бере алатынын көрсетті», – деді профессор Нұражы.

Технологияны әзірлеумен қатар зерттеу тобы жоғары рейтингі бар ғылыми журналдарда 40-тан астам мақала жариялап, кітап шығарып, сутегі энергетикасы бойынша 7 патент алды. Ең маңыздысы, команда жаңа буын мамандарын даярлап, «жасыл сутегінің» толық күн тізбегіне маманданған сарапшылар желісін құрды.

Ғалымдар фотоактивті материалдарды, катализаторларды және жүйе архитектурасын одан әрі жетілдіруді жалғастырмақ. Олардың айтуынша, қазіргі қондырғы ел аумағында кеңінен қолдануға болатын жүйенің шағын үлгісі ғана. Мұндай технологиялар Қазақстанға таза ауа, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта және жаңа жоғары технологиялы жұмыс орындарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Астана

БАЛҚАШ КӨЛІ МАҢЫНДАҒЫ ЛЕПСІ СТАНЦИЯСЫНДА ЖАҢА ВОКЗАЛ АШЫЛАДЫ

Жетісу өңірінде туризм саласы ерекше назарда. Облыс құрылған сәттен бастап бұл салаға мемлекеттік бюджеттен 53 млрд теңге бөлінді. 64 жаңа нысан пайдалануға берілді. Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауын күтіп ұстау үшін екі коммуналдық мекеме ашылды. Жыл сайын өңірге 2 миллионнан астам турист келеді. Олардың келіп-кетуіне және демалуына қолайлы жағдай жасау – басты міндет. Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында осылай деді.

Биыл жаңа «Ақши-Бескөл» электржелісі және қосалқы станциясы іске қосылды. «Жағалауды нығайту бөгеттерінің

және көріз тазарту құрылғысының құрылысы жүргізілуде. Бұл нысандардың құрылысын 2027 жылы аяқтау үшін республикалық бюджеттен қалған қаражат бөлінуі қажет. Балқаш көлінің жағалауына дейін жол салынып, су Лепсі станциясынан жеткізілді. Енді жағалауды абаттандырып, демалыс аймақтарын салу және жеке инвесторларды тарту міндеті тұр. Көл жағалауында 6 коммуналдық жағажай қарастырылған, оның үшеуінде құрылысты бастап кеттік. Сондай-ақ Лепсі станциясында жаңа теміржол вокзалының құрылысы басталып, келер жылы қолданысқа беріледі», – деді спикер.

Экологиялық туризмді дамыту мақ-

сатында «Алтын-Емел» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парк аумақтарында визит-орталықтар ашылды. Жасылкөл көліне және III. Уәлиханов мемориалдық мұражайына апаратын жолдар жөнделді. «Бұрхан-Бұлақ» сарқырамасына апаратын жолдың құрылысы басталды.

Облыста «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жүйелі іске асырылуда. 2024-2025 жылдары облыста жаңа және жаңғыртудан өткен 29 саябақ, 2 орталық алаң, көптеген балалар және спорт алаңы абаттандырылды. Сондай-ақ көпқабатты тұрғын үйлердің шатыры мен қасбеті жөнделіп, арық желілері қалпына келтірілді, көше жарық шамдары орнатылды. Облыс бойынша елді мекендер аумағында 250 мыңға ағаш отырғызылды. Орман қоры 27,4 млн түп ағашқа ұлғайды.

ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫ ӘК ӨНДІРЕТІН ЖАҢА ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



Түркістан облысы Түлкібас ауданында өңірдің индустриялық әлеуетін арттыруға бағытталған ауқымды өндірістік жоба – «Састөбе инновациялық кешені» ЖШС-нің заманауи әк шығаратын зауыты салтанатты түрде ашылды.

Маңызды шараға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров қатысып, жаңа өндіріс орнының іске қосылуымен құттықтады. Аймақ басшысы зауыттың ашылуы өңір экономикасының дамуына тың серпін беретінін атап өтті.

Өз сөзінде облыс әкімі келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы әртараптандыру және жоғары технологиялы өндірістерді дамыту жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында жүйелі түрде жүзеге асып жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, өңірде өндіріс орындарын ашу мен терең өңдеу саласына басымдық беріліп келеді. Соның нәтижесінде халықаралық талаптарға сай жаңа зауыт пайдалануға беріліп отыр.

Жобаның жалпы құны 180 млрд теңгені құрайды. Кешен құрылысының алғашқы кезеңі қысқа мерзімде аяқталып, әк өндіру зауыты өндірісті бастап отыр. Бұл жоба облыс қана емес,

тұтас ел үшін маңызды өндірістік бастама болып саналады. Жоба аясында шамамен мыңға жуық жұмыс орны ашылса, қазіргі іске қосылған әк зауытының өзінде жүзге жуық жергілікті тұрғын жұмыспен қамтылды.

Салтанатты рәсім барысында «Sinoma-TCMRI» компаниясының жоба басшысы Жу Сианг Го мен «Саутс-Ойл» компаниясының президенті Серікжан Сейітжанов сөз сөйлеп, жаңа зауыт отандық нарықты сапалы өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Жобаның толық құрылысы 2026–2027 жылдары аяқталады деп жоспарланған. Ал биыл 32 млрд теңге инвестиция есебінен әк өндірістік кешені іске қосылды. «Састөбе инновациялық кешені» ЖШС алдағы уақытта әк, каустикалық сода, кальций карбиді, ПВХ және цемент өндірісін жолға қоюды көздеп отыр. Кешен толық қуатына шыққанда жылына 400 мың тонна әк, 100 мың тонна каустикалық сода, 120 мың тонна ПВХ, 200 мың тонна кальций карбиді және 1 млн тонна цемент өндіру жоспарланған.

Кәсіпорынның жұмысын бастау өңірдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге де оң әсерін тигізеді. Жоба аясында барлығы мыңға жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.



Іс-шара соңында облыс әкімі зауыт аумағын аралап, өндірістік үдерістермен, заманауи технологиялармен және еңбек жағдайымен танысты. Сонымен қатар экологиялық талаптардың сақталуы мен өндірістік қауіпсіздікке ерекше назар аудару қажеттігін тапсырды.

Айта кетейік, Түркістан облысында инвестиция тарту және жаңа өндіріс орындарын ашу бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

САРЫАҒАШТА ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ЕСЕБІНЕН БЕС ЕЛДІ МЕКЕНГЕ АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІ ҚОСЫЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Сарыағаш ауданының Жібек жолы ауылдық округіндегі бірқатар елді мекендер — Жібек жолы, Қарабау, Зортөбе, Сарқырама және Жаңақұрылыс — орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды. Салтанатты шараға аудан әкімі Арман Абдуллаев, Түркістан облыстық мәслихат депутаттары, аудан прокуроры Мақсат Мошхалов, аудандық мәслихат төрағасы Рысбек Асылбекұлы және жергілікті тұрғындар қатысты.

Аудан әкімі Арман Абдуллаев елді мекендерді аралап, ауыл тұрғындарын көптен күткен қуанышымен құттықтады.

— Тәуелсіздік күні қарсаңында ауылдастарымызбен бірге маңызды оқиғаның куәсі болудамыз. Жылдар бойы күткен таза ауыз судың әрбір үйге жетуі — үлкен қуаныш. Ауданымызды сапалы ауыз сумен қамту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады, — деді аудан әкімі.

ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес мемлекетке қайтарылған активтер есебінен Жібек жолы ауылдық округіндегі бес елді мекенге жаңа орталықтандырылған су жүйесі тартылды. Жаңадан пайдалануға берілген нысан шамамен 16 мың абонентті таза ауыз сумен қамтуға мүмкіндік

береді. Құрылыс жұмыстарын «FS Development Group» ЖШС атқарды.

Сарыағаш ауданында 1 қала және 13 ауылдық округке қарасты 63 елді мекен бар. Олардың ішінде 50 елді мекен, яғни 79,3 пайызы орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтылған. Қазіргі таңда 13 елді мекеннің 9-ында құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Жібек жолы, Қарабау, Зортөбе, Сарқырама және Жаңақұрылыс елді мекендеріне су беріліп, нәтижесінде аудан бойынша орталықтандырылған суға қолжетімді елді мекендер саны 54-ке жетті. Бұл көрсеткіш 85,7 пайызды құрап отыр.

ШЫМКЕНТТЕГІ АУРУХАНАЛАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ КҮШЕЙТІЛДІ

Шымкент қаласының медициналық мекемелері демеушілердің көмегі арқылы 21 дана медициналық құрал-жабдықпен толықты. Бұл игі бастама тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жақсартуға әрі денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын нығайтуға бағытталған.

Нақтырақ айтқанда, тәулік бойы жедел медициналық көмек көрсететін №1, №2 және №3 қалалық ауруханаларға 16 заманауи көпфункционалдық реанимациялық кереует жеткізілді. Сонымен бірге перина-

талдық орталық пен перзентханаға жаңа туған сәбилерге арналған жоғары технологиялы инкубаторлар берілді. Аталған медициналық ұйымдар қала халқының денсаулығын қорғауда, жедел әрі мамандандырылған көмек көрсетуде маңызды орын алады.

Жеткізілген құрал-жабдықтар ауыр жағдайдағы науқастарды емдеу нәтижелілігін арттыруға, реанимациялық көмектің сапасын жақсартуға, сондай-ақ нәрестелердің өмірін сақтап, олардың күтімін халықаралық талаптарға сай

ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаңа аппараттар медицина қызметкерлерінің жұмысын оңтайландырып, төтенше жағдайларда дер кезінде және сапалы көмек көрсетуге жағдай жасайды.

Алдағы уақытта Шымкент қаласының денсаулық сақтау саласы медициналық мекемелерді заманауи құралдармен жабдықтау, жедел және жоспарлы медициналық қызметтің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра бермек.

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК

«САМАРА – ШЫМКЕНТ» АВТОЖОЛЫНДАҒЫ

ЖАҢА БҰРЫЛЫС ЖОЛЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысында туризмді өркендету және келушілерге қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатында жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі – М-32 «Самара – Шымкент» республикалық маңызы бар автожолындағы бұрылыс алаңы күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Аталған жол айрығы 2056-шақырымда орналасып, «Самара – Шымкент – Орал – Ақтөбе – Қызылорда» бағыттарына қатынасты қамтамасыз етеді.

Нысанның ашылу рәсіміне Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов қатысып, жиналған қауымды маңызды инфрақұрылымдық жобаның іске қосылуымен құттықтады. Оның айтуынша, бұл жол – «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық дәлізінен Сауран қалашығына апаратын маңызды бұрылыс болып табылады. Жаңа жол туристер үшін тарихи-мәдени нысанға қатынасты жеңілдетіп қана қоймай, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырады. Сапалы жол – туристің өңір туралы алғашқы оң әсерін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі. Бұрын Сауранға бару үшін шамамен 30 шақырым айналма жол жүруге тура келсе, енді бұл мәселе толығымен шешілді. Жоба өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, кәсіпкерліктің дамуына және жалпы әлеуметтік-экономикалық өсімге серпін береді.

Жол айрығының құрылысын

«Қыран» ЖШС мердігер ұйымы жүзеге асырды. Құрылыс жұмыстары өткен жылы басталып, жолдың жалпы ұзындығы 1955 метрді құрады. Жобаны іске асыру барысында ескі жол жамылғысы фрезерленіп, су өткізгіш құбырлар орнатылды. Сонымен қатар жолды абаттандыру, жол белгілерін қою, таңбалау және жарықтандыру жұмыстары толық аяқталды.

Айта кету керек, Шымкент–Қызылорда бағытындағы автожолда көлік қозғалысы өте қарқынды. Бұл жолмен тәулігіне шамамен 11 мың жеңіл көлік, 3 мың автобус және 8 мың жүк көлігі қатынайды. Осыған байланысты жол қауіпсіздігін күшейту, инфрақұрылымды жетілдіру және көлік қатынасын үздіксіз қамтамасыз ету бағытында жоспарлы жұмыстар жалғасып келеді.

Сондай-ақ Түркістан қаласы маңындағы Сауран тарихи кешеніне келушілер саны жыл сайын өсуде. 2024 жылы бұл нысанға 2683 турист келсе, 2025 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша олардың саны 9925-ке жеткен. Туристерге қолайлы жағдай жасау үшін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралынан Сауран қалашығына апаратын жолды дамыту жұмыстары белсенді түрде атқарылуда. Осы бағытта «Қаз-АвтоЖол» ҰК» АҚ Түркістан облыстық филиалы өңірге келетін туристердің жайлылығын арттыру және жергілікті туризм саласын қолдау мақсатында тұрақты жұмыстар жүргізіп келеді.



ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасовтың төрағалығымен Шекара мәселелері жөніндегі облыстық үйлестіру кеңесінің комиссия отырысы өтті. Жиынға ҰҚК Шекара қызметі департаментінің басшысы, Төтенше жағдайлар департаменті, Полиция департаменті, сондай-ақ «Қазсушар» РМК Түркістан облысы филиалының өкілдері қатысты. Аудан және қала әкімдіктері отырысқа селекторлық байланыс арқылы қосылды.

Кеңесте мемлекеттік шекаралық аймақтардағы өзекті мәселелер, оның ішінде трансшекаралық өзендер мен су жағалауларының қазіргі жағдайы талқыланды. ҰҚК Шекара қызметі департаментінің бастығы, ұлттық қауіпсіздік полковнигі Мұхтар Даулетов шекара маңындағы өзендер мен су арналарының жағдайы жөнінде баяндама жасады. Сонымен қатар Мақтаарал және Жетісай аудандарының әкімдері жүргізіліп жатқан жұмыстар мен қолға алынған шаралар туралы ақпарат берді.

Жиынды қорытындылай келе, облыс әкімінің бірінші орынбасары аудан әкімдіктеріне және «Қазсушар» РМК-ға шекара маңындағы су жағалауларын тазалау жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Бұдан бөлек, шекара аумағында мал ұрлығының алдын алу шараларын арттыру қажеттігі де атап өтілді.

ОҚЫТУШЫ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ИНЖЕНЕРІ АТАНДЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы өткізген X мерейтойлық республикалық конкурстың қорытындысы бойынша Радиоэлектроника және байланыс өскери-инженерлік институтының өскери радиотехника және электроника кафедрасы бастығының орынбасары подполковник Нұржан Зікірияев «Қазақстанның үздік инженері — 2025» атағына ие болды.

PhD докторы подполковник Нұржан Зікірияев радиотехника және электроника саласындағы жетекші инженер-конструктор болып табылады. Қарулы Күштер қатарында 23 жылдық қызметінде ол қазақстандық армия қарулануына қабылданған үш бірегей қорғаныс жүйесінің авторы атанды. Оның өзірлемелері қазіргі заманғы өскери техника бағыттарының негізгі спектрін қамтиды — оптикалық-электрондық кешендерден бастап радиоэлектрондық күрес пен ұшқышсыз авиацияға дейін.

Ең маңызды жетістіктерінің бірі — өскери техника үшін көрінуді арттыруға арналған оптикалық-электрондық модульді өзірлеу және енгізу. Ол түнгі уақытта бақылауды және қозғалыс қауіпсіздігін айтарлықтай жақсартады, бұл сынақ нәтижелерімен дәлелденген.

Оның жұмысында бағдарламалық түрде анықталатын радио (SDR) технологияларын дамыту маңызды орын алады. Подполковник Зікірияев арнайы SDR кешенін жасап, сондай-ақ өртүрлі мамандықтардың курсанттарына арналған «SDR негіздері» оқу құралын



және оқу курсын дайындады.

Оның басшылығымен Wing Loong-1 ұшқышсыз ұшу аппараттарының аспа тораптарын жаңғырту жүзеге асырылып, жаңа қару-жарақ түрлерін интеграциялауға және кешеннің жауынгерлік мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік берді.

— Республикалық деңгейдегі бұл марапат — әрі қарай жұмысты жалғастыруға үлкен серпін. Барлық жобалар өскердің жауынгерлік мүмкіндіктерін арттыруға және практикалық қолдануға бағытталды. Басты міндет — жинақталған тәжірибені курсанттарға жеткізу және жаңа буын өскери инженерлерін даярлау, — деді подполковник Зікірияев.

Оның жүзеге асырған өзірлемелері Қарулы Күштердің архитектурасын едәуір оңтайландыруға мүмкіндік береді: ондаған бытыраңқы құрылғылар әмбебап модульдермен алмастырылып, сенімділік, үнемділік және орналастыру жылдамдығы артады.

Өрбір өзірлемесі — армияны цифрлық трансформациялау бағытындағы стратегиялық қадам. Подполковник Зікірияевтің жұмысы отандық инженерлік мектептің өлеуетін және елдің қорғаныс қабілетін бүгінгі күні-ақ күшейтетін технологиялар жасауға қабілетті екенін айқын көрсетеді.

ЕЛ БАЛАБАҚШАЛАРЫ ЖАНЫНАН 6 МЫҢҒА ЖУЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТИЛЕРІ ЖҰМЫС ЖАСАЙ БАСТАДЫ

Елімізде балаларды ерте жастан дамыту, сапалы тәрбие мен білім беру мақсатында бірқатар бағдарлама мен жобалар жүзеге асырылуда. Мемлекеттік тілді тереңдетіп үйретуге бағытталған «Тілге бойлау» жобасы өткен жылы 5 өңірде — Ақмола, Қарағанды, Қостанай, СҚО облыстары мен Астана қаласының 135 балабақшада сынақтан өтіп, биылдан бастап жаппай енгізілуде. Бұл жайлы ҚР оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова ОКҚ алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

Балалары балабақшаға бармайтын ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында елімізде балабақша жанынан 6 мыңға жуық кеңес беру пункттері жұмыс жасай бастады, қазіргі уақытта 60 мыңнан астам ата-ана көмек алды.

«Сондай-ақ ата-аналарға арналған «Беске дейін үлгер» мобильді қосымшасы жасалды. Үй жағдайында баланың жасына сәйкес контент таңдауға арналған ойын — жаттығулар, кеңестері бар қосымшаны 80 мыңға жуық ата-ана жүктеген. Мектепалды даярлықпен қамтылмаған балалар үшін жазғы кезеңде жыл сайын шамамен 100 мың бала мектептер жанынан, ата-аналардың қажеттілігін ескере отырып, мектепалды даярлықтың қысқа мерзімді бағдарламасын іске асыратын «Балақайлар мектебі» ұйымдастырылуда. Оның ішінде ауылдық жердегі 31 700 бала қамтылды», — деді спикер.

Биылдан бастап 100 мектепке дейінгі ұйымда «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасы басталды.

Балабақша мен бастауыш сынып арасында сабақтастықты орнату мақсатында Мектеп жасына дейінгі баланы дамытудың жеке картасы Ұлттық білім беру дерекқоры базасы арқылы 1-сынып мұғалімі үшін қолжетімді болды.

Өңірлерде экологиялық жобалар іске асырылуда, оның ішінде экологиялық бағыттағы 190-ға жуық «Жасыл балабақша» жұмыс істейді. Мақсаты — тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетінің деңгейін арттыру, тұрғылықты жері бойынша экологиялық қауіпсіздікті сақтау болып табылады. Өңірлерде балабақшаның үздік педагогикалық тәжірибесін, «Жасыл балабақшалардың» жетістіктерін зерделеу және тарату бойынша жұмыс жүргізілуде.

Бетті дайындаған: Әйгерім АБДУЛЛА

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАР ГАРВАРД УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ҚОЛЖАЗБАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІН ЗЕРТТЕДІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Еуразия ғылыми-зерттеу базасында жүзеге асырып жатқан «Қазақстанның қолжазба мұрасы: реестрлеу, реставрациялау, ғылыми каталогтау, цифрландыру және кешенді кодологиялық зерттеу» жобасы аясында қазақстандық ғалымдар делегациясы АҚШ-тың Бостон қаласындағы Гарвард университетіне ғылыми іссапармен барды.

Іссапар Ахмет Ясауи университеті, Ғылым ордасы, Astana IT University және Гарвард университетінің консорциумдық келісімі негізінде жүзеге асты. Қазақстандық делегация құрамына Ахмет Ясауи университеті Ғылым департаментінің директоры, PhD Хайрулла Масадиков пен Nazarbayev University Әлеуметтану және антропология кафедрасының профессоры, PhD Ұлан Бигожин кірді.

Негізгі мақсат — Қазақстанның тарихи қолжазбаларын реестрлеу, ғылыми каталогтау және цифрландыру бойынша әлемдік тәжірибені зерделеу, сондай-ақ Гарвард университетінің және Дэвис орталығы ғалымдарымен тығыз байланыс орнату, жетекші сарапшылармен пікір

алмасу және ғылыми мәселелерді талқылау, ортақ ғылыми іс-шаралар ұйымдастыру мәселесін талқылау.

Ғалымдар Гарвардтың Дэвис орталығы мен Хоутон, Вайденер кітапханаларының мамандарымен кездесіп, сирек қолжазбалар қорымен, каталогтау және цифрландырудың заманауи тәсілдерімен танысты. HOLLIS жүйесі арқылы Орталық Азияға қатысты ислам дереккөздерінің базасымен жұмыс жүргізді.

